

Анвар Исмаилов атындағы кәсіптік колледжі




Ашық сабақ

**Тақырыбы: Балабақшада
бейнелеу өнері сабағын өткізу
әдістемесі**

**Пәні: Бейнелеу өнері негіздері және оқыту
әдістемесі**

Тобы: МДО-152/Б



Сабақтың мақсаты: студенттерге сурет салудың қыр сырын меңгерте отырып, балабақшада балалармен қарым-қатынас жолдарын үйрету.

Тәрбиелік: келешектегі мамандығына деген саналы қарым қатынасы-болуына тәрбиелеу, таңдаған мамандығы бойынша, оқитын пәніне қызығушылығын ояту және жұмысқа және сабаққа деген мақсатына талпынушылыққа тәрбиелеу.

Дамытушылық: тәжірибеде теориялық материалдарды қолдана білуге, сауатты жауап беруге және тәжірбиелік тұрғыда дәлелдеуге үйрету, өз бетінше ойлауын дамыту.

II. Үй тапсырмасын сұрау: өткен тақырып бойынша тәжірибелік жұмыстарын прасмотр арқылы тексеру және сұрақтар беру.

Сұрақтар:

- 1. Бейнелеу өнерінің ерекшеліктері**
- 2. Графика өнері туралы түсінік**
- 3. Жанды бейне туралы түсінік**
- 4. Сәулет өнері туралы түсінік**
- 5. Мүсін өнері туралы түсінік**
- 6. Сәндік қолданбалы өнер туралы түсінік**

Жаңа сабақты баяндау:

Балалар бақшасында бейнелеу өнері іс-әрекетін ұйымдастыру.

- Жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында бейнелеу өнеріне оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеттері.
- Оқушыларға бейнелеу өнерінің құралдарын жүйелі меңгерту арқылы айналадағы өмір шындығына эстетикалық көзқарасты қалыптастыру.
- Өмір шындығы көріністеріндегі, табиғаттағы және өнердегі бояу түстерін, оның сезімдік әсерін, оқушылардың кеңістік туралы түсінігін, қиялын, елестету қабілетін жүйелі түрде дамыту.
- Көркем мәдениет және оның қоғамдағы алатын орны туралы түсінікті дамыту.
- Оқушылардың бойында халықтың дәстүрлі өнерін, тарихи ескерткіштерін эстетикалық тұрғыдан бағалай білуге баулитын жүйелі білім, шығармашылық икемділік пен дағдыны қалыптастыру.
- Бейнелеу өнері сабақтары барысында дамып қалыптасқан көркемдік білімдерін, икемділік дағдыларын тұрмыс жағдайында, еңбек процесінде, қоғамдық жұмыста пайдалана білуге баулу.

Бейнелеу өнеріне оқыту барысында оқушылардың ойлау қабілеті, көргенін есте сақтау, шығармашылық қиялы, көркемдік икемділігі, адамгершілік және сұлулық сезімі дамиды, әрине бұл қасиеттер жеке тұлғаның жан-жақты дамуына негіз болары сөзсіз.

Бейнелеу өнері дәстүрлі бейнелеу өнерінің түрлерімен, жанрларымен бірге дизайн, оригами, коллаж т.б. бейнелеу, жапсырмалау жұмыстарын да қарастырады.

- Бейнелеу өнері іс әрекет барысында бірін-бірі толықтыра оқытылу негізі – бейнелеу өнерін басқа пәндермен тығыз пәнаралық байланысты оқыту қажеттілігін де туындатады. Заттан қарап сурет салу барысында бейнелейтін заттардың көлемін талдап, зерттеуде үшбұрыш, төртбұрыш, шаршы, шеңбер немесе цилиндр, куб, конус, шар секілді математикалық ұғымдар, табиғат көріністерін бейнелеуде табиғи құбылыстар, өсімдіктер, жануарлар туралы әңгімелер немесе табиғат сұлулығын, көңіл-күйін, жыл мезгілінің әсемдігін елестететін поэтикалық өлеңдер, музыкалық, әуендер тындалуы пәнаралық байланыстың негізі бола алады.
- Сөйтіп, бейнелеу өнері жалпы бала бақшадағы балалардың эстетикалық дүниетанымын қалыптастыратын пәндердің құрамдас бірі ретінде оқытылады.

- Әйтсе де балаларға эстетикалық тәрбие беру мен оқытудағы бейнелеу өнерінің рөлі төмендегі көрсетілген талаптарға сай болғанда ғана тиімді болмақ.
- 1.Бейнелеу өнері іс әрекетінде оқыту мен тәрбие беру мақсат-міндеттерін біртұтас шешу.
- 2. Балаларды бейнелеу өнеріне оқытуда дидактикалық принциптерді сақтау.
- 3. Бейнелеу өнері іс әрекетінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану.
- 4. Бейнелеу өнері іс әрекетінде көрнекіліктерді және техникалық құралдарды кеңінен қолдану.
- 5. Балалардың шығармашылығын,өзі жасаған өнердегі образдарға эмоционалды көзқарасын, жалпы сабаққа қызығушылықтарын арттыру мақсатында бейнелеу өнері іс әрекет барысында ойын, сайыс элементтерін пайдалану.
- 6.Бейнелеу өнері оқыту бағдарламасының негізі тараулары бойынша оқыту әдісімен үнемі жетілдіру.
- 7. Бейнелеу өнері іс әрекетінде балалардың жеке басының ерекшеліктері мен шығармашылық мүмкіндіктерін ескерту.
- 8. Оқыту мен тәрбие барысында озық іс-тәжірибелерді пайдалану.

Жаңа сабақты пысықтау:

Шығармашылық жұмыс 10-15 мин



Мағынаны тану:

1. Дайын, қиылған мультфильм кейіпкерлерін А3 форматқа көркемдеп орналастырып, жабыстыру.
4. Қиықталған сурет бөлшектерін жылдамдыққа құрастыру.
5. Киізден қиылған элементтерден панно жасау.



Жаңа сабақты бекіту:

- 1. Жаңа тақырып бойынша сұрақтар беру.**
- 2. Балабақшадағы балаларды бейнелеу өнеріне оқыту және тәрбиелеудің негізгі міндеттері.**
- 3. Бейнелеу өнеріне оқыту барысында балалардың қандай қабілеттері дамиды?**
- 4. Бейнелеу өнері тағы қандай жұмыс түрлерін қамтиды?**
- 5. Бейнелеу өнері сабағының басқа қандай пәндермен байланысты?**

Бейнелеу өнерінің жанрлары



Ғылыми түрдегі
атаулары:

Натюрморт

Пейзаж

Портрет

Анималисттік жанр

Батальдік жанр

Қарапайым түрдегі
атаулары:

Натюрморт - француз тілінен («nature morte») аударғанда «өлі табиғат» деген мағына береді.

Пейзаж - табиғатты бейнелеу, ол ауылдық, сәулеттік, қалалық, индустриалды, маринистік болуы мүмкін.



Портрет - адам бейнесі, ол жекелеген немесе топтық болып келеді.

Анималисттік жанр - бұл латынның "анима" - жануарлар деген сөзінен шыққан.

Батальдік жанр - соғыс көріністерін бейнелейтін шығарма. Француздың "батай" сөзі шайқас деген мағынынан білдіреді.

Ой ұшқырлығы ойыны: Қазақстан суретшілерінің туындылары.

Мына картиналар қандай жанрға жатады.



Киізден қиылған элементтерден панно жасау.



- **Сабақты қортындылау мен бағалау:**

Қызғалдақ және бәйшешек топтарын жинаған гүл түстері арқылы бағалау.

Сабаққа жақсы қатысып өзін көрсете білген студенттерді жеке-жеке бағалау

Үй тапсырмасы:

А3 форматта «Наурыз мерекесі» тақырыбында сурет салу.

